

**Оқу бағдарламалары мен жоспарларын, оқулықтарды,
оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеу, қайта қарау
және оқыту семинар-тренингтерін өткізу жөніндегі
жобаларға тартылатын жеке тұлғаларды
іріктеу Комиссиясы туралы Ережеге
1-қосымша**

1. Шығармашылық жұмысты бағалау критерийлері

1.1 Авторлық жұмысты бағалау критерийлерінің тізімі

№	Авторлық жұмысты бағалау критерийлері
1.	Мазмұны
1.1	Оқу материалы мен тапсырмалар күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған.
1.2	Сабақ/бөлім бойынша оқу материалы пән ерекшелігін ескере отырып, дәйекті және жүйелі түрде бөлінген.
1.3	Теориялық және практикалық мазмұнның ара қатынасы және өзара байланысы.
1.4	Иллюстрациялар, көркем сипаттамалар мен әңгімелеулер оқытудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес.
1.5	Оқытудың мазмұны мен міндеттерінде ұлттық және мәдени компоненттер мен қолданбалы аспектілер ескеріледі.
1.6	Тапсырмаларды әзірлеу барысында оқушылардың психологиялық және жас ерекшеліктері ескеріледі.
1.7	Оқу материалын таныстыру тілі
2.	Ғылыми-әдістемелік негіз
2.1	Оқу материалын таныстыру әдістемесінде мұғалімге арналған нақты нұсқаулықтар берілген.
2.2	Инновациялық технологиялар мен оқытудың белсенді әдістері қолданылады.
2.3	Тапсырмалар өзекті және өздігінен білім алу дағдыларын дамытуға бағытталған (шығармашылық, зерттеу, сараланған).
2.4	Пәнішілік және пәнаралық байланыс жүзеге асырылады.
3.	Техникалық талаптар
3.1.	Материалды уақтылы тапсыру
3.2.	Материалды тапсыру форматы (электрондық нұсқа)
3.3.	Материалдың рәсімделуі (колонтитул, негізгі бет және т.б.)
3.4.	Авторлық шаблонға сәйкес келуі

1.2 Корректорлық жұмысты бағалау критерийлерінің тізімі

№	Корректорлық жұмысты бағалау критерийлері
1.	Мәтін, тақырыптар, ескертпелер және басылымның басқа да бөліктері баспа ісінің жалпы ережелеріне және техникалық редактордың нұсқауларына сәйкес дұрыс терілген
2.	Орфографиялық және пунктуациялық қателердің болмауы
3.	Техникалық қателердің болмауы (бос орындар, сөз тасымалы, дефистің орнына сызықша және керісінше)
4.	Стилистикалық қателердің болмауы
5.	Мәтіннің түрлі элементтерінің графикалық және лексикалық біркелкілігі
6.	Суреттер, кестелер мен басқа көрнекі материалдардағы белгілердің біркелкілігі
7.	Кестелер, сілтемелер дұрыс рәсімделген
8.	Мәтінде берілген ақпараттың дереккөздеріне сілтемелер берілген
9.	Терминдер, белгілер, өлшеу бірліктері, шартты қысқартулардың дұрыс жазылуы және бірізділігі
10.	Мәтін абзацтарға дұрыс бөлінген

1.3 Аудармашы локализаторларын жұмысын тексеру тізімі

№	Локализаторға қойылатын талаптар
1	Контекст пен мақсатты аудиторияны ескере отырып, түпнұсқа мәтіннің мағынасын жеткізудің дәлдігі
2	Оқытатын тіл мен білім беру ортасының нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес мәтінді стилистикалық бейімдеу
3	Терминологиялық сәйкестікті сақтау және бекітілген глоссарлық базаны пайдалану (бар болса)
4	Қайталанатын элементтерді (терминдер, сөз байламдары, командалар, атаулар) біркелкі аудару
5	Оқытатын тілдің грамматикасын, емлесін және тыныс белгілерін дұрыс қолдану
6	Мысалдарды, атауларды, жағдайларды және иллюстрацияларды бейімдеген кезде мәдени ерекшеліктер мен өмірлік мәнмәтінді ескеру
7	Локализацияланған мәтінді визуалды және техникалық элементтермен (кестелер, схемалар, интерфейстер және т. б.) үйлестіру
8	Түпнұсқалық материалдың құрылымын сақтау (тақырыптар, тізімдер, пішімдеу, сілтемелер)

9	Өлшем бірліктерін, күндерді, уақытты, сандарды және басқа сандық форматтарды жергілікті стандарттарға сәйкес дұрыс пайдалану
10	Көзделген аудитория үшін бейімделген мысалдардың, түсініктердің және мәдени сілтемелердің өзектілігі мен орындылығы
11	Локализацияланған материалдың оқу мақсатына және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігін тексеру
12	Редакциялық өңделмеген, машиналық аударманың кетіп қалмауын тексеру (егер өзгеше көзделмесе)

1.4 Арнайы психологиялық білімі бар тренерлер, педагог-психологтар мен практикалық психологтардың жұмысын тексеру тізімі

№	Арнайы психологиялық білімі бар тренерлерге, педагог-психологтарға, практикалық психологтарға арналған критерийлер
1.	Кәсіби тәжірибесінің болуы
2.	Құзыреттілік және әдістерді білуі
3.	Аудиторияға бейімделу қабілеті
4.	Құрылымдық ойлау қабілеті
5.	Коммуникативтік дағдылары дамыған және материалды ұсына білуі
6.	Психологиялық тұрғыдан жетілгендік
7.	Этика мен құндылықтарды бетке ұстауы
8.	Икемділігі және жағдайларға жауап бере алу қабілеті
9.	Мотивация мен қызығушылықтың болуы
10.	Ынтымақтастыққа дайын болу
11.	Портфолионың болуы

1.5 Оқу бағдарламалары мен жоспарларын әзірлейтін және қайта қарайтын бойынша авторларды іріктеу критерийлерінің бақылау тізімі

№	Авторларға қойылатын талаптар
1.	Жоғары педагогикалық білім (ғылым магистрі, ғылым кандидаты, ғылым докторы мәртебесі болғаны жақсы)
2.	Жалпы педагогикалық өтілі – 5 жылдан кем емес
3	Зияткерлік мектептердегі жұмыс өтілі – кемінде 3 жыл
4	Оқу жоспарлары мен жоспарларын әзірлеу, қайта қарау, Орталықтың басқа жобаларына қатысу тәжірибесі (қажет)
5	Пән бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификаттардың болуы
6	Санаты – модератордан төмен емес